

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор Биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2021 жылдың 23 маусымындағы
№ 61 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л г е н

2021 жылдың 07 шілдесінен бастап
қолданысқа енгізілді

Шетел валютасының теңгеге бағамына фьючерстердің **МАМАНДАНЫМЫ**

Алматы қ.

2021

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылдың 21 шілдесіндегі № 89 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 25 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылдың 13 желтоқсанындағы № 145 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 05 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2023 жылдың 25 сәуіріндегі № 39 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 01 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2023 жылдың 06 маусымындағы № 53 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 07 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Маманданым "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері» атты ішкі құжатына сәйкес әзірленді және сауда-саттықты өткізудің стандартты шарттарын, параметрлерін, шетел валютасының теңгеге фьючерсінің бағамы бойынша міндеттемелердің (бұдан әрі – фьючерстік келісімшарт) туындау, өзгеру және тоқтатылу тәртібін анықтайды.

1 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСУ

1. Осы Маманданымда Биржаның ішкі құжатында "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылған.
2. Сауда-саттықты өткізу шарттары мен параметрлері осы Маманданыммен анықталатын фьючерстік келісімшарттардың базалық активтері теңгеге қатысты тиісті шетел валюталарының бағамдары болып табылады.
3. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттықты өткізудің негізгі параметрлері осы Маманданымға қосымшада белгіленген.
4. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттықты өткізу кезінде баға осы Маманданымға қосымшада белгіленген осы келісімшарттың параметрлеріне сәйкес лот үшін немесе шетел валютасының бірлігі үшін қазақстандық теңгеде көрсетіледі.
5. Өтініштің басталу күні:
 - 1) тоқсанның басына келетін: қаңтар, сәуір, шілде және қазан¹ айларың бесінші күні АҚШ долларының теңгеге және рубльдің теңгеге бағамына тоқсандық фьючерстік келісімшарттар үшін;
 - 2) әр күнтізбелік айдың бесінші күні¹ рубльдің теңгеге айлық фьючерстік келісімшарттар үшін.
6. Егер фьючерстік келісімшарт айналысының басталу күні мереке немесе демалыс күніне келетін болса, онда айналыстың басталу күні фьючерстік келісімшарттармен биржалық сауда-саттық өткізілетін жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні болып табылады.
7. Өтініштің соңғы күні:
 - 1) тоқсанның соңына келетін: наурыз, маусым, қыркүйек және желтоқсан айларының үшінші бейсенбісі – АҚШ долларының теңгеге және рубльдің теңгеге бағамына тоқсандық фьючерстік келісімшарттар үшін;
 - 2) айналыс басталған айдан кейінгі айдың үшінші бейсенбісі – рубльдің теңгеге бағамына айлық фьючерстік келісімшарттар үшін.
8. Егер айналыстың соңғы күні мереке немесе демалыс күніне келетін болса, онда айналыстың соңғы күні осы айдың үшінші бейсенбісінің алдындағы соңғы сауда-саттық күні болып табылады.
9. Фьючерстік келісімшарт бойынша сауда-саттық ашылады:
 - 1) АҚШ долларының теңгеге және рубльдің теңгеге бағамына тоқсандық фьючерстік келісімшарттар үшін – айналыстың төрт мерзіміне;
 - 2) рубльдің теңгеге бағамына бір айлық фьючерстік келісімшарттар үшін – бір айналыс мерзіміне.
- 9-1. Орындалу күніне бір ай қалғанда, бұрын ашылған рубльден теңгеге дейінгі тоқсандық фьючерстік келісімшарт айлық фьючерстік келісімшартқа айналады.

¹ Басқарма шешімінде белгіленген күннен бастап фьючерстік келісімшартпен сауда-саттықты ашуға рұқсат етілетін биржалық сауда-саттықтың бастапқы кезеңін қоспағанда, осы Маманданымда көрсетілген күн фьючерстік келісімшарттың айналысы басталған күн болып табылады ([осы мақала Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2023 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген](#)).

- 9-2. Бұрын ашылған рубльдің теңгеге бағамына тоқсандық фьючерстік келісімшарт орындалғанға дейін бір ай бұрын рубльдің теңгеге бағамына айлық мерзімді келісімшартпен сауда-саттық ашылмайды.
- 9-3. Осы Маманданымның 18 және 19 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, фьючерстік келісімшартты орындау күні оның айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.
- 9-4. Фьючерстік келісімшарт бойынша сауда-саттық өткізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасау әдісі болып табылады.

(Осы тарау Биржа Басқармасының 2022 жылдың 21 шілдесіндегі, 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы және 2023 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген).

2 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

10. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау базалық активті жеткізусіз жүзеге асырылады, бұл ретте мұндай келісімшарттың тараптары мөлшері базалық актив мәнінің өзгеруіне байланысты болатын Осы Маманданымның 12 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес бір-біріне теңгемен ақша сомасын (вариациялық маржаны) төлеуге міндетті.
11. Вариациялық маржа Биржаның "Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша клирингілік сессияларды өткізу регламенті" атты ішкі құжатына сәйкес Биржаның клирингілік сессияны өткізу барысында есептеледі және фьючерстік келісімшарт жасалған бірінші күннен бастап оны орындау күнін қоса алғандағы кезеңде төленеді.
12. Вариациялық маржаны есептеу үшін келесі формулалардың бірі қолданылады:
- 1) вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде:

$$VM_0 = (P_{last} - P_{fut}) \times \frac{S_{tick}}{tick}, \text{ мұндағы}$$

- VM_0 – математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейін екінші белгіге дейін дөңгелектелген вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаның мөлшері;
- P_{last} – Биржаның "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі» атты ішкі құжатына сәйкес анықталған фьючерстік келісімшарттың ағымдағы (соңғы) есептік бағасы;
- P_{fut} – фьючерстік келісімшартты жасасу бағасы;
- S_{tick} – осы Ерекшелікке қосымшаға сәйкес анықталған фьючерстік келісімшарт бағасының минималды өзгеруінің құны;
- tick – осы Ерекшелікке қосымшаға сәйкес анықталған келісімшарт бағасының минималды өзгеруі;

- 2) бұрын вариациялық маржаны есептеу жүзеге асырылған келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде:

$$VM = (P_{last} - P_{previous}) \times \frac{S_{tick}}{tick}, \text{ мұндағы}$$

- VM – математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейін екінші белгіге дейін дөңгелектелген, вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаның мөлшері;
- $P_{previous}$ – фьючерстік келісімшарттың алдыңғы есептік бағасы (немесе фьючерстік келісімшарттың бастапқы есептік бағасы).

13. Вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттемелерді орындау Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережесі» атты ішкі құжатында (бұдан әрі – Клирингілік ережелер) белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады. Бұл ретте:
 - 1) егер вариациялық маржа оң болса, онда вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттеме фьючерстік келісімшартты сатушыда туындайды;
 - 2) егер вариациялық маржа теріс болса, онда есептелген вариациялық маржаның абсолюттік шамасына тең сомада вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттеме фьючерстік келісімшартты сатып алушыда туындайды.
14. Фьючерстік келісімшартты орындау бағасы Биржаның "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі» атты ішкі құжатына сәйкес сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша оны орындау күні есептелген осындай фьючерстік келісімшарттың базалық активінің есептік бағасына сәйкес келеді.

3 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

15. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер оны орындау нәтижесінде осы келісімшарттың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін толығымен тоқтатылады.
16. Фьючерстік келісімшарт бойынша сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелері мұндай қатысушыда фьючерстік келісімшарт бойынша сол базалық активпен және оның міндеттемелері мөлшерінде Клиринг ережелерінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде айналыс мерзімімен қарсы талаптардың туындауы нәтижесінде толығымен тоқтатылады.
17. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер Клирингілік ережелерде көрсетілген өзге де негіздер бойынша олар белгілеген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

4 тарау. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

18. Теңгеге сәйкес келетін шетел валютасының ағымдағы есептік бағасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, оның ішінде осындай құнды анықтау тоқтатыла тұрған/тоқтатылған жағдайда, Биржа Басқармасы келесі шешімдердің біреуін немесе бірнешеуін қабылдауға құқылы:
 - 1) фьючерстік келісімшарт айналысының соңғы күнінің күнін өзгерту туралы;
 - 2) фьючерстік келісімшартты орындау күнінің күнін өзгерту туралы;
 - 3) ағымдағы (соңғы) есептік бағаның өзгеруі және/немесе вариациялық маржаны есептеу және аудару тәртібін анықтау туралы.
19. Егер оның соңғы күні жұмыс істемейтін күн болып жарияланса, Биржа айналыстың соңғы күнінің күнін және/немесе фьючерстік келісімшартты орындау күнінің күнін өзгертуге құқылы.
20. Егер Биржа Басқармасының шешімімен өзгеше көзделмесе, Биржа Басқармасы Осы Маманданымның 18 және 19 тармақтарына сәйкес қабылдаған (қабылдаған) шешім (шешімдер) күшіне енген сәттен бастап бұрын жасалған фьючерстік келісімшарттар бойынша қолданыстағы міндеттемелердің шарттары көрсетілген (көрсетілген) шешімдер (шешімдер) ескеріле отырып өзгертілген болып есептеледі.

5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

21. Осы Маманданымға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектілендіру) үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшелеріне жүктеледі.
22. Осы Маманданым қажеттілігіне қарай, бірақ осы Маманданым қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Шетел валютасының теңгеге
бағамына фьючерстердің
маманданымына

ҚОСЫМША

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 21 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

**Шетел валютасының теңгеге бағамына фьючерстермен
САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУДІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

№	Фьючерстің атауы	Базалық активтің коды	Базалық актив	Өтінімде фьючерстің бағасын көрсету тәртібі	Лот	Бағаның минималды өзгеруі, теңге	Бағаның минималды өзгеруінің құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	АҚШ долларының теңгеге бағамына фьючерс	US	АҚШ долларының теңгеге бағамы	Бір АҚШ доллары үшін теңгемен	1 000 АҚШ доллары	0,01	10
2.	Теңгеге рубль бағамына фьючерс	RU	Рубльдің теңгеге бағамы	Бір рубль үшін теңгемен	1 000 рубль	0,0001 <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 06 маусымындағы шешімімен өзгертілген)</i>	0,1 <i>(осы ұяшықтың мәтіні Биржа Басқармасының 2023 жылдың 06 маусымындағы шешімімен өзгертілген)</i>

(Осы кесте Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)